

Жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Денисов ауданы мәслихатының 2015 жылғы 19 маусымдағы № 67 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 8 шілдеде № 5729 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Денисов ауданы мәслихатының 2016 жылғы 1 сәуірдегі № 18 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Денисов ауданы мәслихатының 01.04.2016 № 18 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және өз әрекетін 01.01.2016 бастап туындаған қатынастарға таратады).

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 387-бабының 1-1 тармағына, 444-бабының 1-тармағына сәйкес, Денисов аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемесі он есеге жоғарылатылсын.
2. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге бірыңғай жер салығының мөлшерлемесі он есеге жоғарылатылсын.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың
кезектен тыс сессиясының
төрағасы
Денисов аудандық
мәслихатының хатшысы*

Ж. Ахметов

А. Мұрзабаев

КЕЛІСІЛДІ

"Денисов ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы

_____ С. А. Жанғабулов

2015 жыл "19" маусым

"Қазақстан Республикасы Қаржы

министрлігінің Мемлекеттік кірістер
комитеті Қостанай облысы бойынша
Мемлекеттік кірістер департаментінің
Денисов ауданы бойынша Мемлекеттік
кірістер басқармасы" республикалық
мемлекеттік мекемесінің басшысы

_____ Ә. Ж. Әкіжан

2015 жыл "19" маусым

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК